

Қазақ әдебиетіне жаңаша серпін берген жазушы, ақын, ғалым, журналист, ұстаз, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Нұржан Қуантайұлы 50 жасқа толды. Осыған орай, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінде Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының ұйымдастыруымен «Баспа ісі және әдеби үдеріс: жазушы, редактор, оқырман» атты халықаралық дәрежедегі ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өтті.

БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ҮДЕРІС



«Бұл жиын «50 жасқа келгенде бір есеп бер», деп ағаларымыз ұсыныс тастаған соң, сол есеп беру жиыны сияқты болды. Бұл кісілер авансымен бізге ықылас білдіріп жатыр. Келешекте осы авансты, аманатты орындау міндеті бар. Сондықтан қалай болса да, бұл 50 жас адамның бір өмір кезеңі», – деді ақын, жазушы Нұржан Қуантайұлы.

Автор студенттік шағында әдеби ортаға «Қара өзек» романымен танылған еді. Бүгінде проза, поэзия жанрында қатар қалам тербеп жүрген Нұржан Қуантайұлы ғылыми-әдеби еңбекпен айналысып қана қоймай, шәкірт тәрбиелеуде.

Журналистика факультеті

Мерейтойлық шара университет фойесіндегі фотокөрмеден басталып, факультеттің «Адалдық алаңы» атты сөреге Нұржан Қуантайұлының өз кітаптарын ұсынуымен жалғасты.

«Нұржан Қуантайұлы әдебиетке өзінің қолтаңбасымен, өзінің үнімен келген ақын. Сонау 90 жылдардың өзінде ол жарқ ете қалып, бүкіл әдебиет сүйер қауымды елең еткізген болатын. Нұржанның айта берсек, ондай қыры көп. Қазақта сөз бар ғой, «сегіз қырлы, бір сырлы» деген. Шындығында да, сондай талант», – дейді сыншы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлы.

Қаламгердің мерейтойына орай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев құттықтау хат жолдады. Сондай-ақ, университет басшылығы Нұржан Қуантайұлына «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін табыс етті. Конференция барысында Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, Мәдениет және спорт министрлігі атынан Мәлік Отарбаев, Түркиядан Үакүр Омероглу, АҚШ-тың Колумбия университетінен Гүлнар Кендірбай жылы лебіздерін білдірді.

Ақпан айының басында өткен алғашқы ҚазҰУ-дың ғылыми жиынында негізгі үш тақырып талқыланды. Оның бастапқысы 2020-2021 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындыларына арналды. Бұл туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов егжей-тегжейлі баяндап берді.

Биылғы қысқы сессияда студенттер 12140 емтихан тапсырды, оның 4628 жазбаша, 43 тест түрінде және 3156 ауызша болды. Ал 37 экзамен аралас форматта өткізілді. Жалпы алғанда бакалавриат, магистратура және докторантурада оқитындар қысқы сессияны ойдағыдай тапсырды. Оқу бөлімі мамандары әр факультеттің курс студенттерінің емтихан барысындағы көрсеткіштерін саралай келе мынандай нәтиже келді: емтихандарға қатысқан бакалавриат студенттің 20506-ның 87 пайызы сессияны толық тапсырса, 3355 магистранттың 95,7 пайызы емтихандардан өткен.

ӨРЛЕУ КЕЗЕҢІ

Ал 1274 докторанттың 97,5 пайызы қысқы сессиясын жақсы бағамен тәмәмдаған. Сондай-ақ, студенттердің соңғы төрт жылдық оқу деңгейіне де арнайы сарап жасалған. Мәселен бакалариат, магистратура және докторантурада «өте жақсы» оқитындар қатары биылғы жылы бірнеше пайызға артқан, бірақ жақсы оқитындар саны ептеп төмендегені де анықталды. Осыған орай факультет, кафедра ұстаздары осы фактілерге назар аудару қажеттілігі айтылды.

Екінше мәселе бойынша, яғни 2021 жылдағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралары жайында халықаралық қатынастар факультетінің деканы Сағынғали Айдарбаев оқу жүйесіндегі көзделген жұмыстардың атқарылуына тоқталды. Мәселен, 2020-2021 оқу жылында орындалатын жоспарды жүзеге асыру үшін білім беру, қосдипломдық бағдарламалар мен жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынастарға үлкен мән берілетінін

жеткізді. Екінші кезекте, факультет топ-200 үздікке кіретін университеттермен ынтымақтастық орнатып, индикативтік жоспарда белгіленген көптеген пунктерді орындау мүмкіндігіне назар аударды. Ал үшіншіден, жетекші шетелдік университеттермен келісім-шарттар жасау арқылы қосдипломдық бағдарламалар мен гранттарға қол жеткізу, шетелдік оқытушыларды тарту арқылы айтарлықтай жетістіктерге жету жолдары да тізіліп айтылды.

Ғылыми жиын барысында халықаралық қатынастар факультетінде сайтта жарияланған ақпараттың жеткіліксіз екендігі, сондай-ақ қоғамға қызмет жасауды үйрету дәрістерінің әдіс-тәсілін жоспарлау мен студенттерді еріктілер қозғалысына көптеп баулу мәселелері де талқыланды.

Күн тәртібі бойынша ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Байдәулет Ұрмашевтың хабарламалары да тыңдалды.

Жалғасы 2-бетте



РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

**ӨРЛЕУ
КЕЗЕҢІ**

Ол факультеттегі халықаралық байланыс, элеуметтік жағдай, ғылыми даму, студенттер мен куратор-эдвайзерлер арасындағы қарым-қатынас, академиялық ұтқырлық, шетелдік студенттерді қамтамасыз ету, қос диплом және жұмыспен қамту сынды бөлімдерге ерекше ден қойды. Дегенмен, көптеген мәселелер әлі де болса көздеген деңгейде еместігіне де назар аударылды. Бүгінде қос дипломдық бағдарлама бір кафедрада 33 пайызға орындалса, шетелдік студенттерді оқыту көрсеткіші 4,2 пайыз екендігі де тілге тиек етілді. Ал МООК бойынша ең жоғарғы деңгейге жеткен ақпараттық технологиялар факультеті 2020 жылы жарияланған ғылыми мақалалар бойынша 17 пайызға ілгері жылжыған. Декан өз баяндамасында факультет деңгейінде өткен түрлі шаралар, ғылыми бағыттар, республика көлемінде өткен сынақтарда жеткен жетістіктері мен атқарылған шаралары туралы ақпаратпен бөлісті. Ректораттың кеңестік жиынында өз жұмыстары жайлы баяндаған факультеттер жоспар талабына сәйкес сала бойынша тиісті бағаларын алды.

Г. БАЯНДИНА

**COMSTECH-SAC ОБЪЕДИНЯЕТ УСИЛИЯ ДЛЯ
РАЗВИТИЯ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИЙ**

Состоялось первое заседание международного консультативного совета (COMSTECH-SAC) при Организации Исламского Сотрудничества (ОИС). В нем принял участие ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Галым Мутанов – лауреат премии Исламской организации по вопросам образования, науки и культуры, единственный представитель академического сообщества постсоветского пространства.

COMSTECH-SAC – это новый институциональный механизм, который призван стать площадкой для обмена опытом, наращивания потенциала, разработку передовых подходов и прикладных рекомендаций в области развития науки, технологий и инноваций в исламском мире. Научно-консультативный совет призван помочь решению проблем, стоящих сегодня перед государствами-членами ОИС в развитии НТИ. В его состав вошли выдающиеся ученые и практики с мировым именем.

В заседании приняли участие Генеральный Координатор COMSTECH, Экс-Генеральный Директор Академии наук исламского мира, Председатель Целевой группы Премьер-министра Пакистана по науке и технологиям и другие почетные члены COMSTECH-SAC из 12 исламских государств.

Генеральный координатор COMSTECH Икбал Чаудхари в своем приветственном слове остановился на роли, программах и инициативах организации, планах по

продвижению научно-технологической составляющей в странах ОИС, а также рассказал о своем видении деятельности Международного консультативного совета. На первом заседании были обсуждены проблемы развития науки и технологии стран-членов ОИС, а также механизмы научного консультирования и обмена передовым опытом в соответствии с Астанинской декларацией.

Саммит ОИС «Наука, технологии, инновации и модернизация исламского мира» был создан по инициативе Елбасы Н. Назарбаева в Казахстане в 2017 году. Астанинская декларация выражает стремление государств-членов ОИС совместно расширять сотрудничество в целях устойчивого развития и противостояния современным вызовам, а также определила приоритеты и общие задачи в сфере развития науки, технологий и инноваций в странах-участницах организации.

Соб. корр.

**КАК СТАТЬ ВОСТРЕБОВАННЫМ
СПЕЦИАЛИСТОМ**

«Востоковедение» отделения корееведения КазНУ им. аль-Фараби Анель Куанышева в 2020 г. стала полноценным членом команды «Путь Шинхан». Вот уже пять месяцев она работает в «Шинхан банк Казахстан» в качестве офис-менеджера. Эта возможность была предоставлена ей как одной из лучших студенток, она трудится в банке без отрыва от обучения.

Анель Куанышева, 4-й курс: «В «Шинхан банк», я сразу почувствовала себя, как в семье! Атмосфера, корпоративная культура, философия, все оказалось мне по душе. Я мечтала о работе в такой крупной корейской организации. Корпоративная философия «Путь Шинхан» стала моей личной философией жизни. Я рада, что попала в такую дружную команду и стала членом семьи Шинхан банка!», - рассказывает Анель.

Саулеубаева Аяя, выпускница кафедры: «Университету я благодарна не только за полученные знания, но и знакомство с «Шинхан банком». Проходя практику в течение 2 месяцев, в этом банке я получила ни с чем несравнимый опыт, который пригодился в жизни, и сегодня у меня есть работа, на которую я хожу с удовольствием».

История Анель и других успешных выпускников кафедры послужит примером для многих поколений студентов и выпускников КазНУ им. аль-Фараби.

ВКЛАД В БУДУЩЕЕ

В течение 10 лет АО «Шинхан Банк Казахстан» ежегодно предоставляет стипендии самым талантливым студентам кафедры из социально незащищенных семей. Каждый год семь студентов отделения корееведения кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби получают стипендии в размере 100 000-130 000 тенге. По мнению

студентов, это неоценимая поддержка, благодаря которой они становятся самостоятельными, востребованными на рынке труда, уверенными в своих силах. Это есть реальное осуществление идеи «Noblesseoblige». Ничто так не поднимает дух, как церемония вручения стипендий банка или других крупных организаций из Южной Кореи на заседании Ученого Совета вуза. Подобное отношение повышает интерес студентов к корееведению.

По словам управляющего директора АО «Шинхан банк Казахстан» Н.М. Джаксыкельдинова, данное сотрудничество является бесценным вкладом в будущее молодых студентов. «Мы даем молодым студентам надежду и возможность увереннее смотреть в будущее. Многолетнее сотрудничество с кафедрой Дальнего Востока – это не просто поддержка студентов, но и наш вклад в будущих клиентов нашего Банка».

Кафедра Дальнего Востока факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби выражает свою признательность АО «Шинхан банк Казахстан» за стабильность взаимоотношений на протяжении 10 лет и поощрительные стипендии «Shinhan». В свою очередь, в юбилейный год сотрудничества Ученый совет КазНУ им. аль-Фараби постановил наградить председателя правления АО «Шинхан банк Казахстан» г-на Ким Хен Хвана, а также управляющего директора АО «Шинхан банк Казахстан» Наримана Джаксыкельдинова медалью «Ерен еңбегі үшін» и благодарственным письмом за подписью ректора университета.

Н.Б. ЕМ,

*зав. кафедрой Дальнего Востока,
кандидат исторических наук,
ассоциированный профессор*

Кафедра Дальнего Востока КазНУ им. аль-Фараби успешно сотрудничает с одним из крупнейших банков Южной Кореи «Шинхан банк Казахстан». В результате совместного проекта по формированию квалификационных характеристик и компетенций при составлении ГОСО были согласованы образовательные стандарты кафедры с учетом требований и ожиданий работодателя.

Была проделана большая работа по внесению изменений в рабочие учебные планы. В частности, в учебный процесс внедрена траектория «Переводчик в сфере бизнеса» по специальности «Переводческое дело», в которой появились новые дисциплины, такие, как «Деньги, кредит, банки», «Финансовый менеджмент», «Правовые основы бизнеса», «Корпоративное право», «Корпоративные финансы» и другие.

С тех пор руководящие сотрудники банка, в частности, управляющий директор банка Н. Джаксыкельдинов, участвуют в учебном процессе в качестве членов государственной экзаменационной комиссии, а также активно сотрудничают в процессе защиты дипломных работ. Кроме того, практик-партнеры задействованы и в качестве инструкторов по таким дисциплинам, как «Перевод в сфере делового общения», «Деловой корейский язык» и другим. В настоящее время в разработке находится идея заказа дипломных проектов под требования и интересы работодателя.

На сегодняшний день создан важный прецедент, когда АО «Шинхан банк Казахстан» ежегодно принимает студентов выпускных курсов не только на производственную практику, но и трудоустраивает на полную ставку. Подобная работа ведется с 2016 года. Так, студентка 4 курса специальности

KAZNU.KZ

QazUÝ-dyń aqparattyq tehnologialar fakültetiniń jasandy intellekt jáne Big Data kafedrasynyń aǵa oqytýshysy Murat Qunelbaev Cogent Engineering (Q2, Taylor&Francis, Ulybritania) jýrnalynyń sheshimi boıynsha «Úzdik resenent – 2020» ataǵyn ielendi.

Cogent Engineering, Q2 bedeldi sheteldik basylymynyń nusqasy boıynsha «Úzdik resenent – 2020» nominasiyasynyń jeńimpazy Murat Qunelbaev Finlandiada ótken inovasialar boıynsha bedeldi halyqaralyq baiqaýynda kózge tústi.

QR BGM Aqparattyq jáne esep-teý tehnologialary instýtynyń aǵa ǵylymy qyzmetshisi Murat Qunelbaev «Kómirtekti beitaraptyq salasındaǵy síkldik ekonomika jáne inovasialar» nominasiyasında «Termosifondyq analymy bar eki kontýrly kún qondyrǵysy» taqyryby boıynsha halyqaralyq finalist atandy. Atalǵan sharaǵa álemniń 15 elinen kelgen innovatorlar qatysyp, býlǵy baiqaý onlain rejimde ótti.

Jaqynda Qazaqstannyń Kibersporttyq stýdentter lǵasynyń (KESL) ekinshi maýsımy bastalady.

KESL-ge qatysýshy JOO sany 11-ge deiin ósti. Jańa maýsymda 1 000 000 teńge kólemindegi jalpy júlde qory úshin kúreske taǵy 4 ýniversitetiń stýdentteri qosylady!

KESL-ge tirkelý 1-12 aqpan aralyǵynda ótedi. Liga tórt tártip boıynsha ótedi: StarCraft 2, FIFA 2021, Dota 2, PUBG Mobile. Sondyqtan komandalar jinap, jattyǵydy búginnen bastańyzdar. Shaiqas qarqyndy bolatyny anyq.

Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ jýrnalstika fakültetinde belgili memleket jáne qoǵam qairatkeri, belgili jazýshy-pýblisist Sapar Baijanovtyń týǵanyna 90 jyl tolýyna oraı «Ultynyń umytylmas tulǵasy – Sapar Baijanovtyń shyǵarmashylyǵy» atty halyqaralyq ǵylymi-tájirbelik onlain-konferensia ótti. Konferensia aiasynda ǵalym eńbekteriniń arнай kórmesi uıymdastyryldy.

Ǵylymy jıynǵa Qazaqstan Jazýshylar jáne Jýrnalister Odaǵy, sheteldik ǵalymdar, Respýblikalyq BAQ basshylary men tanymal jýrnalister, qoǵam jáne memleket qairatkerleri, zıaly qaýym ókilderi onlain bailansqa shyǵyp, Sapar Baijanovtyń ónegeli ómiri týraly esteliktermen bólisti. Jazýshynyń ádebi-rýhani murasymen qatar, qoǵamdaǵy qairatkerligi erekshe ataldy.

Jazýshynyń kózin kórgen, qyzmettes bolǵan aqyn, qoǵam qairatkeri Nurlan Orazalin Baijanovtyń jýrnalstikaǵa arnaǵan sanaly ǵumyry jaily áserli estelik aatty. «Qazaqstan media alánsy» qoǵamdyq birlestiginiń tóraǵasy Nurtóre Júsip qairatkerdiń memleketlik arhiv basshysy qyzmetindegi rýhani bailyqy qaitaryǵa sińirgen ólsheýsiz eńbegin atasa, jýrnalis Sáyle Ábishqyzy sol kezdegi «Sosialistik Qazaqstan» gazetiniń Bas redaktory retinde áilederge arnalǵan arнай bet ashyp, «Qalamqas» qosymshasyn shyǵarǵandaryn erekshe tebirene eske saldy. Bas redaktor qyzmetindegi Sapar Baijanov qazaq jýrnalisteriniń áleymettik máselelerin erekshe nazarda ustap, olardyń baspanaly bolýyna qosqan úlesin de erekshe ataldy.

ҚазҰУ-да «Психологиялық шеберханалар: интегративті қолданбалы психология негіздері мен технологиялары денсаулық сақтау, білім беру және өндіріс» атты халықаралық қысқы психологиялық мектебі өтті

Тәрбиеге бастар жол

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жариялан еді, әрбір Қазақстан елінің азаматы ретінде Президентіміздің бұл мақаласын оқып шығу міндетім деп санадым. Осыған орай өзіміздің тарих, археология және этнология факультетінің «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 3 курс оқитын тобыммен бөлісіп, кураторымыз Айнұр Бейсеғұлованың ұйымдастыруымен кураторлық-тәрбие сағатында ашық сабақ өтті.

Осы мақаланы оқу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев егемендігіміз бен елдігіміздің тірегі болатын басты бағыттарға тоқталып, іргеміздің берік болуы үшін қажет шараларды да айқындап бергені әрбіріміздің жүрегімізден орын алғаны белгілі.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басқан Қазақстан үшін бұл он екі ай толымды істерге толы болуы тиіс. Президент мақаласының алғашқы бөлімі «Бағдар мен белес» деп аталып, онда осы күнге дейін елімізде атқарылған дүние сараланады. Алғашқы онжылдықта Қазақстан іргетасын қаласа, екіншісінде керегесін кеңейтіп, тарихын түгендеуге, шекарасын шегендеп, инфрақұрылымдық жобаларға баса мән берді. Үшінші онжылдықта еліміз индустриялық-инновациялық даму жолын таңдады. Ал алдағы төртінші онжылдықтағы міндет – қуатты елдің иесі және кемел халық болуы – дейді. Биыл Қазақстанның тәуелсіз ел болғанына 30 жыл толады. Президентіміз бұл мақаласында тәуелсіздік жылдарында еліміздің жеткен жетістіктерін саралай

келе Қазақстанның болашағы жастар екенін атап өтті. «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенген заманда қапыда қалып жүрмелік», - деп Абылай хан айтқандай ел болашағы мына біз Қазақстан жастары өздерінің білімімен еліне деген сүйіспеншілігімен елімізді әлемдік аренада биіктерге көтереді.

Сонымен қатар, Президентіміз өз сөзінде әрбір қазақстандық қазақ тілін еркін меңгеріп, қазақ тілінде сөйлеуді айта кетті. «Тілі жойылған халықтың өзі де жойылады», – дейді Ахмет Байтұрсынұлы атамыз. Біз бұл жерде өз тілімізде сөйлеп, өз тарихымызды біле жүріп қана қорғай аламыз. Осы мақаланы оқу барысында Қазақ елінің азаматы және тәуелсіз елдің ұланы екенімді мақтан тұттым. Ендігі ойым, өзім ұнатып түскен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін тәмәмдап, Отаныма қызмет етпекпін.

Қанағат АЯТОВ,

Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының 3-курс студенті

Тәуелсіз елдің ұрпағымыз

Еліміздің тәуелсіздік алуы, халқымыздың тарихында жаңа дәуірлердің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі – еркіндік. Еліміздің еркін өміріндегі бүгінгі табыстардың бәрі де тәуелсіздіктің нәтижесі.

Ел тәуелсіздігі біреулер ойлағандай құжатқа қол қою рәсімі арқылы қол жеткендей оңайлықпен келген жоқ. Қазақстанның жеткен жетістіктерімен таныстырып, Тәуелсіздіктің мәнін терең ашып түсіндіру мақсатында биология және биотехнология факультетінің, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасында және биомедицина мамандығының 2-курс студенттерімен «Тәуелсіз елдің тірегіміз» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараға кафедралық оқытушылары қатысты.

Өскекең ұрпақтың мақсаты мол біліммен қаруланып, кең-байтақ жерімізді сақтау, қорғау. Аталарымыз «Туған жерге туыңды тік» деген сөзді бекер айтпаған. Еліңді сую кіндік қаның тамған жеріңе, ескен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Университетімізде жылда тәуелсіздік күніне байланысты іс-шаралар ұйымдастыру әдетке айналған. Еліміздің ертеңіне, бабаларымыздың болашағына деген нық сеніміміз арта түсуде. Қазақ халқының саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлғаларды дәріптеу, ардақтау әр перзенттің борышы. Ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздарымыздың еңбегі зор.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болуына тірек болып, шәкірттеріміз елдің болашағы жарқын болуына өз үлесін қосуда. Университетімізде жыл сайын тәуелсіздік күніне орай түрлі іс-шаралар мен көрме ұйымдастырылады, атап айтсақ, «Тәуелсіз Қазақстан елі», «Тәуелсіздік бейнелері», «Бабалар аңсаған тәуелсіздік» тақырыптар аясында студенттер өз өнерлерін, елге деген сүйіспеншілігін көрсетуде. Ынтымағымыз жарасқан, бірлігі бекем ел бола берейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Іс-шара барысында еліміздің әнұраны орындалып, бұл күнге қандай қиын кезеңдерден өткеніміз туралы мәліметтер берді.

Іс-шара соңында кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., профессор м.а. А. Кустубаева, оқытушы, б.ғ.к., м.а. Н. Аблайханова, аға оқытушы Г. Атанбаева сөз сөйлеп, бұл еліміз үшін ерекше мереке екенін атап өтіп, мерекелік іс-шараның жоғары деңгейде өткендігін айтты. Оқытушылар қауымы студенттерге алғысын айтып, сәттілік тіледі.

Н. СЕЙДАЛИЕВА,

биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушысы

Наступил юбилейный для всех государств постсоветского пространства – год 30-летия независимости. Все вновь образованные страны, включая Казахстан, ставили когда-то перед собой одну и ту же цель – модернизировать все сферы социально-экономического и политического устройства, обеспечить устойчивое развитие и высокий уровень жизни и процветание для своих народов. Так к чему мы пришли в итоге?

Размышления о юбилее независимости



Не случайно статья Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаева «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» начинается с актуальных вопросов, стоящих перед обществом: «Чего мы достигли за тридцать лет?», «Какую страну мы доверим следующему поколению?», «Что еще мы можем сделать для укрепления нашей государственности?».

За последние тридцать лет в развитии Казахстана произошли кардинальные изменения, хотя в историческом плане это и небольшой срок, для нашего государства, они по своей значимости и насыщенности равнозначны вековым эволюционным изменениям.

Ни одна страна мира, в свое время вставшая на путь социально-политической и экономической трансформации и коренного перелома во всех сферах жизни общества, не избежала трудностей и проблем, сопутствующих ей. Трансформация командно-административной системы в рыночную экономику характеризовалась большой степенью сложности, ее проблемы требуют тщательного изучения и научного анализа.

В статье Президента отчетливо ставится задача строительства социально ориентированного и эффективного государства. Подчеркивается важность повышения уровня жизни населения и того, что все граждане должны ощущать выгоды от экономического роста.

Как отмечают эксперты, страны, обладающие большими запасами природных ресурсов, как нефть или газ, часто отстают в экономическом развитии и качественном государственном управлении от стран, располагающих меньшими ресурсами. Как бы это ни было парадоксально, но природные ресурсы не всегда способствуют сбалансированному и устойчивому развитию. В этом плане республике нужно больше внимания уделить именно устойчивому развитию, бережному отношению к человеческим и не возобновляемым ресурсам.

Президент рассуждает об основных вехах развития страны за прошедшие три десятилетия и ставит задачу

предстоящего четвертого десятилетия – стать сильной страной и нацией, продолжая процесс политических и экономических реформ и возрождения сознания, чтобы сформировать новую идентичность нации, адаптированную к современным требованиям. В непростых современных реалиях, как подчеркивает глава государства, чтобы выжить как нация и как страна, сегодняшнее и будущее поколения должны быть готовы к новым вызовам.

Как известно, масштабные изменения в социально-экономическом и политическом развитии страны не могут быть реализованы без кардинального преобразования общественного сознания. Мы должны и дальше хранить и культивировать такие традиционные ценности казахского народа, как бережное отношение к природе – «судың да сұрауы бар», помощь слабым, справедливость, честность, великодушие и уважение к старшим.

Считаем, что социальные инициативы и ориентиры, озвученные в статье Президента «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», придадут новый импульс развитию исторической науки в Республике Казахстан, усилят инвестиции в человеческий потенциал и будут способствовать дальнейшему устойчивому социально-экономическому и духовно-нравственному развитию страны.

Для профессорско-преподавательского состава факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби, как и для всего общества в целом, представляется важным обсуждение и дальнейшая интеграция основных идей статьи «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» в образовательный процесс и в научные исследования.

Р.С. ЖАРКЫНБАЕВА,
доктор исторических наук,
профессор кафедры Всемирной истории, историографии и источниковедения

АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫНА 50 ЖЫЛ!

Биылғы жылы қарашаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасына 50 жыл толып отыр. Кафедра 1971 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Ө.А. Жолдасбековтің ұсынысы бойынша ең алғаш Қазақстанда тарих факультетінде археология және этнология кафедрасы болып ашылды.

Бұл маманданған кафедраның ашылуына сол кездегі Қазақстандағы археологиялық, этнологиялық ғылымның интензивті дамуы әсер етті. Әсіресе ХХ ғ. екінші жартысындағы маманданған археологтар мен этнографтар талап етілген болатын. Кафедрада университеттегі тарих факультетінің археологиялық және этнографиялық мұражайына негіз болған археология және этнография кабинеті құрылды.

Кафедраны құрылған күнінен бастап Қазақстандағы әйгілі ғалымдар басқарды. 1971 жылдан бастап Қазақстан археологиясының көш басында тұрған, қазақ ғалымдарының арасындағы археология саласында ең бірінші кәсіби білім алған, жеріміздің көне дәуір ескерткіштерін зерттеуде көп еңбек еткен ғалым, ұстаз Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев шақырылды. Кейіндері кафедраға ғалымның шәкірттері басшылық жасады.

1974 жылдан 1988 жылдар аралығында бүкіл саналы ғұмырында түрік халықтарының тарихын, этнологиясын, археологиясын зерттеген ғалым, білікті маман, ұлағатты ұстаз Ұлы Отан соғысының ардагері Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің жетекшілігінде болды. Ғалымның атқарған ғылыми, оқу-тәрбиелік жұмыстары мемлекетіміз тарапынан жоғары бағаланып, 1984 жылы «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері», 2000 жылы «Университеттің құрметті кафедра меңгерушісі» атақтары берілген. Кафедра меңгерушілігінен кейін тарих факультетінің деканы қызметін атқарды. У.Х. Шәлекеновтің басшылығымен 1974 жылы ҚазҰУ-дың Жамбыл облысы, Шу ауданына қарасты Ақтөбе қалашығының ортағасырлық Баласағұн археологиялық базасы ашылды. Бұл археологиялық база 45 жылдан аса факультетімізде оқып жатқан студенттерге оқу үдерісін тәжірибелік зерттеу жұмыстарымен қазіргі күнге дейін байланыстырылып отырған орын. Ақтөбе (Баласағұн) шаһарын зерттеуде кафедраның ғалымдары У.Х. Шәлекеновпен қатар, М.Е. Елеуов, Н.О. Алдабергенов, Е. Турғунбаев, Е. Ақымбек, Ғ. Бексеитов және т.б. ғалым археологтардың еңбегі зор. Сонымен қатар, 1983 жылы У.Х. Шәлекеновтің басшылығымен факультетімізде «археология», «этнология» музейлері ашылды.

Ал, 1989-2011 жылдар аралығында кафедраны үшінші «Алтын адамды» тауып, әлемдік археологияға сенсациялық жаңалық әкелген, осы Шілікті алтындарымен Елбасымыз өзі танысып, өзінің жоғары бағасын берген, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, этнология-археология саласында танымал профессор Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев басшылық жасады. Елуге жуық жылын далалық археологиялық, этнологиялық экспедицияға арнаған ғалымның ғылыми мектебі қалыптасты. Ә. Төлеубаевтың ұйымдастырған экспедицияларға қазіргі кафедраға қызмет жасап жүрген археолог, этнограф ғалымдар қатысып, ғалымдар қазіргі күндері бұл ғалымдардың өздері жеке экспедиция басқарып жүр.

Кафедрада ашылған жылдардан бастап қазіргі күнге дейін Отандық және шетелдік әйгілі ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, Х.А. Алпысбаев, С.М. Ақынжанов, Х. Арғынбаев, К.А. Ақышев, О.И. Исмағұлов және шетелдік ғалымдар Ресей профессорлары М.П. Грязнов, С.С. Черников, Ю.А. Заднепровский т.б. ғалымдар лекция оқыды, сол үрдіс әлі

де жалғасуда, қазіргі күні белгілі ғалымдар Н. Шаханова, А. Досымбаева, А. Тохтабай, В.Ф. Зайберт, Қ. Алтынбеков, Клоудия Чанг (США), Ожал Огуз, Южел Ченюрт (Түркия), Е.П. Китов, Н.А. Боквенко (Ресей) және т.б. дәрістерін оқуда.

Кафедрада отанымыз және шетелдерде аты шыққан ғалымдарымыздың У.Х. Шәлекенов, Ә.Т. Төлеубаев, Ж.К. Таймағамбетов, М. Елеуов, А.Б. Қалыш, Б.К. Қалшабаевалардың ғылыми мектептері қалыптасты. Қазіргі күні бұл ғалымдардың шәкірттері ғылыми жолдарын жалғастырып, еліміздің білімінің, ғылымының мәдениетін дамуына зор үлестерін қосып келе жатыр.

Оқу жылдары ішінде, кафедрада «Археология және этнология ғылыми зерттеу орталығы» ашылды. Орталықтың мақсаты кафедраның ғылыми зерттеу жұмыстарын инновациялық жолмен дамыту, түрлі ғылыми жобалар ұсыну болды. Ұлттық идея бағдарламасы аясында «Қазақ халқының ұлттық мұрасын тарихи-этнографиялық жинақтау, жүйелеу және жариялау» жобасын ұсынды. 2009-2011 жылға Мемлекеттік ұсынған гранттан кафедра ғалымдары М. Елеуовтің «Ұлы Жібек жолындағы Қаратаудың ортағасырлық қалалары мен керуен жолдары», Ж.Қ. Таймағамбетовтің жетекшілігімен «Қазақстандағы тас дәуірінің ескерткіштерін іздеу және зерттеу», Ә.Т. Төлеубаевтың «Қазақстанның ежелгі халқының культтары, дүниетанымы және идеологиясын зерттеу» тақырыпты жобалары жеңіп алды.

Кафедра 2011 жыл мен 2016 жыл аралығында этнология ғылымында өзіндік орны қалыптасқан, осы университеттің үздік түлегі, кезінде Абай және Ленин атындағы стипендиялардың иегері болған, Академиялық мектептерден, ғұлама ғалымдардың шәкірті болған т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш басқарды.

Жыл өскен сайын кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары белестерге

Кафедраның мерейтойына профессор Ә.Т. Төлеубаев елімізге тағы үлкен жаңалық әкелді. Елеке сазына жасаған экспедициясында Сақ қоғамы билеушісінің салтанатты жылқысының 830 әшекейін алтын бұйымдарын тапты. Сонымен қатар, археолог Ғ.Қ. Омаров жетекшілік еткен археологиялық экспедицияда да ерте түркі дәуіріне жататын ат әбзелдерін т.б. бұйымдар тапқан болатын.

көтерілуде, кафедра ғалымдарының ҚР БЖҒ министрлігі ұсынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұсынылған мемлекеттік грантта кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы белсенділік танытудың арқасында Ә.Төлеубаев, А.Б. Қалыш, Б.К. Қалшабаева, М. Егізбаевалардың ғылыми жобалары дәстүрлі, тарихи, рухани және материалдық мұраларды ашумен қатар, ерекше тарихи-мәдени маңызы бар көптеген археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Сонымен қатар, «Мәңгілік ел» гуманитарлық ғылымдар аясындағы фундаменталды және қолданбалы зерттеулер мемлекеттік бағдарламасының аясында да кафедраның ғалымдары Ә.Төлеубаев, Т.Е. Қартаева, Ғ.Қ. Омаров, Ғ.Т. Бексеитовтердің ғылыми жобалары грант жеңіп алды.

Биылғы оқу жылында белгілі ғалым, көптеген зерттеу еңбектерінің авторы, кафедраның қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. Т.Е. Қартаеваның ұсынған «Этнографическое и геоархеологическое изучение земледельческо-скотоводческих ландшафтов в пустынных дельтах Казахстана: исторические фазы освоения и опустения» жобасы ұтып алып, соның аясында кафедраның этнографтары далалық ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізбек. Кафедра ғалымдарының фундаменталды ғылыми зерттеулері елімізде ғана емес шет елдерін де мойындатып отыр.

2016-2019 жылдар аралығында кафедраны т.ғ.к., доцент Ғ.Қ. Омаров басқарды. «Археология, этнология және музеология» кафедрасының оқытушылары халықаралық және республикалық маңызы бар ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруда.

2018 жылдан бастап кафедраның профессор-оқытушыларымен қатар шетелдік ресей, бельгия және жапондық ғалымдардың қатысуымен қазіргі заманғы талаптарға сай «Геоархеология» халықаралық лаборатория жұмыс істейді. Сонымен қатар, бұл лаборатория студенттер, магистранттар және PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының, теориялық және практикалық дайындықтарының барлық қырларын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу орталығы болып отыр. Орталықты кафедрамыздың доценті, т.ғ.к. Ғ.Т. Бексеитов жетекшілік етуде.

Көптеген жылдар бойы кафедра жоғары деңгейде ғылыми-зерттеу және оқу жұмыстарын жүргізіп келеді. Кафедра талаптарға сай «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтары бойынша халықаралық стандарттар талабына жауап бере алатын жоғары білікті маман дайындау ісінде еліміздің ең үздік орталығы болып табылады.

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы «Археология және этнология» және «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтары бойынша бакалавр, магистратура және докторантураға байланысты Мемлекеттік стандарттың авторлары және әзірлеушілері болып табылады. Мемлекеттік стандарт бойынша «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау», «Антропология» және т.б. мамандықтары бойынша оқу жоспарлары жасалып келеді.

Кафедраның ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне еліміздің және тыс жерлердегі білім, ғылым және мәдениет салаларында жоғары бағалар беріліп келеді,

бірқатар ғылым гранттарын жеңіп, көптеген ғылыми зерттеу еңбектері елімізде және шетел басылымдарында жарыққа шықты. Археологиялық қазбалар мен этнографиялық экспедициялар материалдары Отандық бұқаралық ақпарат құралдары жарық көріп, көптеген ғылыми еңбектермен қатар, ғылыми мақалаларға айналып, және зерттеу нәтижелері оқу үдерістерінде де пайдаланылып жүр. Осындай белсенді жұмыстардың нәтижесінде кафедраның ғалымдары Ә.Т. Төлеубаев, А.Б. Қалыш, Б.К. Қалшабаева, Т.Е. Қартаева, Ғ.Қ. Омаров «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегерлері атанды.

Кафедра мамандарының авторлығымен оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдары да шығарылуда. Соның ішінде Ә.Т. Төлеубаевтың 6 және 10, 11 сыныптарға арналған «Қазақстанның ежелгі тарихы» және басқа авторлармен бірге Т.Е. Қартаеваның 5-6 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарының авторлары.

2019 жылдан бастап кафедраны PhD доктор Жұматаев Ринат Серікұлы басқарып отыр.

Археология, этнология және музеология кафедрасы құрылған күнінен бастап еліміздегі жетекші мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары арасындағы кафедраның бірі және қазіргі күні отандық және шетелдік университеттермен оқу



үдерісі және ғылыми байланыста өзінің елеулі үлесін қосуда. «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығын иемденген тұлғалар ғылым мен білім беру салаларымен қатар, мұражайларда, реставрациялық лабораторияларда, дипломатиялық және әкімшілік жұмыстарда, қарулы күштер мен ішкі істер саласында, ұлттық қауіпсіздік комитетінде үлкен сұранысқа ие.

Сонымен бірге кафедра шетелдік ең үздік ЖОО-мен байланыс орнатқан, бұл студенттерге мамандықтары бойынша академиялық ұтқырлық арқылы шетелге шығуға мүмкіндік береді. Кафедраның ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне еліміздің және тыс жерлердегі білім, ғылым және мәдениет салаларында жоғары бағалар беріліп келеді, бірқатар ғылым гранттарын жеңіп, көптеген ғылыми зерттеу еңбектері елімізде және шетел басылымдарында жарыққа шықты. Археологиялық қазбалар мен этнографиялық экспедициялар материалдары Отандық бұқаралық ақпарат құралдары жарық көріп, көптеген ғылыми еңбектермен қатар, ғылыми мақалаларға айналып және зерттеу нәтижелері оқу үдерістерінде де пайдаланылып жүр.

Биылғы кафедраның мерейтойында профессор Ә.Т. Төлеубаев елімізге тағы үлкен жаңалық әкелді. Елеке сазына жасаған экспедициясында Сақ қоғамы билеушісінің салтанатты жылқысының 830 әшекейін, алтын бұйымдарын тапты. Сонымен қатар, археолог Ғ.Қ. Омаров жетекшілік еткен археологиялық экспедицияда да ерте түркі дәуіріне жататын ат әбзелдерін т.б. бұйымдар тапқан болатын.

Бүгінгі бәсекелестік заманда университетке қойылатын ең басты талаптардың бірі – бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлау қоғамды рухани жаңғыртудағы өзекті мәселе болып табылады. Осындай білікті мамандарды дайындап жатқан еліміздің ең ірі жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, археология, этнология және музеология кафедрасының осы мақсатта атқарып отырған еңбегі зор екендігі айқын.

**А.Қ. БЕЙСЕГУЛОВА,
С.Т. САҒЫНДЫҚОВА,**
*Археология, этнология және
музеология кафедрасының
аға оқытушылары*

Известный ученый Тимур Касымович Бейсембиев всю свою жизнь посвятил главному призванию – науке. Востоковеды, историки и ученые с мировым именем знали его достижения, восхищались и подражали ему. Труды выдающего ученого при жизни стали классикой исторической и востоковедческой науки.



НАУКА КАК ПРИЗВАНИЕ

Тимур Бейсембиев – выпускник исторического факультета КазГУ. Он всегда с гордостью рассказывал, что учился в группе с английским языком обучения. Вспоминая свои студенческие годы, с восхищением говорил о своем учителе В.П. Юдине – востоковеде, мудром наставнике, педагоге, возглавлявшем кружок «Востоковед» и преподававшим персидские и чагатайские языки студентам. Его ученики стали известными учеными в Казахстане и за рубежом.

Будущий ученый поступил в аспирантуру Института востоковедения УзССР. В 1983 году с отличием защитил кандидатскую диссертацию на тему «Тарих-и Шахрухи как исторический источник» и был принят на работу в Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Когда в Алматы открылся Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, то сразу же ушел туда и работал там до конца своей жизни.

Тимур Касымович основательно занимался темой «Кокандская историография». Ученый посвятил этой теме 34 года своей жизни, издав большой

антикварных книжных лавках, где он мог разглядеть ценные рукописи или редкие издания. И нам всегда советовал искать редкие издания в букинистических магазинах.

Тимур Касымович очень любил персидский язык, поэтому, когда ему в посольстве ИРИ в Алматы предложили языковой курс персидского языка в Тегеране, он сразу же согласился. По приезду в Тегеран он много времени проводил в библиотеках, искал редкие книги в книжных лавках. Однажды, побывав в одной из них, мог назвать имена всех авторов и названий книг, чем несказанно удивлял продавцов. «Я просто историк-востоковед, а еще

Т.К. Бейсембиев – автор шести книг и более 200 научных публикаций по проблемам истории, культуры и источниковедения Средней Азии, Казахстана и сопредельных стран Востока в X-XIX веках. Его публикации выпущены в разных странах мира, таких как: Англия, США, Бельгия, Германия, Индия, Иран, Пакистан, Турция, Франция, Швеция и Япония. Каждая монография ученого-востоковеда – отдельная тема. А публикации открывают перед нами новые горизонты востоковедческой и исторической науки. Творческая жизнь ученого была насыщенной, несмотря на многие трудности и переживания. Его научная жизнь вполне может стать примером для казахстанских исследователей, в особенности востоковедов и историков. Сейчас очень мало востоковедов могут работать с рукописями, первоисточниками в целом. Ведь знать современные восточные языки – это полдела, а еще нужно освоить навыки чтения и методы работы со средневековыми рукописями. Тимур Касымович был великолепным специалистом с богатым опытом в области исследования персидских и чагатайских рукописей. Многие зарубежные центры использовали его знания и опыт.

Тимур Касымович всегда делился своим опытом, с большим восхищением рассказывал, как и какие методы применял в работе с рукописями. Описывал некоторые рукописи до мельчайших подробностей. Благодаря ему, мы узнали о разных книгохранилищах, познакомились с разными методами и спецификой работы с рукописями.

В 2015 году мама ученого В.А. Исенгалиева (1924-2017) д.ф.н., профессор написала книгу «Знаменитый ученый, историк-востоковед Тимур Касымович Бейсембиев». Книга посвящена жизни, научной деятельности и трудам ученого. Видимо, она хотела сделать подарок к юбилею сына, поэтому перед юбилеем в 2015 году на свои средства издала эту книгу. Ровно через год Т. Касымовича не стало. Вместе с ним ушла целая востоковедческая школа. Т. Бейсембиев был настоящим патриотом, искренним, общительным, трудолюбивым и честным человеком. За всю научную карьеру он получил всего лишь нагрудной знак в год своего 60-летия. А он заслужил самых высших наград за вклад в развитие исторической и востоковедческой науки в Казахстане. Поэтому предлагаем организовать «Бейсембиевские чтения», открыть кабинет имени Т.К. Бейсембиева на факультетах востоковедения и истории, назначить именную стипендию, грант талантливым востоковедам и историкам, премию исследователям в области источниковедения. Хочется надеяться, что нас поддержит научное сообщество КазНУ имени аль-Фараби. Ведь Т. Бейсембиев в первую очередь – выпускник КазНУ. Он много раз доказал, что является достойным выпускником родного вуза и поднял престиж родного университета.

Г.А. КАМБАРБЕКОВА,
PhD, старший преподаватель кафедры Ближнего Востока и Южной Азии

Каждая монография ученого востоковеда – отдельная тема.

А научные публикации открывают перед нами новые горизонты востоковедческой и исторической науки.

труд «Кокандская историография: Исследование по источниковедению Средней Азии XVIII-XIX веков». За это время он мог защитить две докторские работы или же написать несколько монографий, перевести несколько книг. Однако, он предпочел не защищать докторскую диссертацию, а издать основательную работу, которая не потеряет свою актуальность даже спустя 100 лет.

Имея познания в 14 языках мира, Тимур Касымович свободно владел английским, французским, немецким, чагатайским и персидским, благодаря чему мог использовать источники на разных языках. Кроме того, знание языков помогало ему активно участвовать в разных научных мероприятиях и стипендиальных программах, вести научно-исследовательскую работу в крупных востоковедческих центрах за рубежом. Его знали в востоковедческих центрах, библиотеках, рукописных фондах, в

человек, который очень любит Иран», – пояснял Тимур Касымович.

К моменту завершения курса у него было несколько коробок книг, а увести их с собой он не мог. Мы обещали ему доставить книги, но ему не хотелось утруждать нас. Он не любил просить помощи у других, а еще не хотел быть обязанным кому-либо. Когда ему сказали, что посольство Казахстана поможет, он улыбнулся и сказал: «Мне будет очень приятно, если вы сможете доставить книги. А посольство пусть занимается важными государственными делами».

НЕ РАДИ ЗВАНИЙ

Тимур Касымович занимался наукой не ради званий, а ради самой науки, которая была смыслом его жизни. Он не стремился к должностям, считая, что все это портит характер человека и может отбить вкус к науке, и, самое главное, отнимет драгоценное время исследователя.



Онлайн-курсы «АҒЫЛШЫН ТІЛІ»

Институт новых образовательных технологий КазНУ им аль-Фараби за два прошедших года проделал огромную работу по разработке и публикации массовых открытых онлайн-курсов (МООК) по иностранному языку «Ағылшын тілі».

На первом этапе работы состоялась встреча директора Института новых образовательных технологий Асель Мусиновой с коллективом кафедры иностранных языков, в ходе которой она пошагово объяснила правила разработки и публикации онлайн-курсов. Затем была создана рабочая группа из числа компетентных преподавателей кафедры, в которую вошли: к.ф.н – руководитель группы У.Б. Адилбаева, старшие преподаватели – С.А. Уразғалиева, Г.А.Гаипова, преподаватели – А.С. Режеп, А.А. Жанузакова. Было принято решение, что курс будет ориентирован на обучение грамматике английского языка через казахский язык, а это чрезвычайно сложный аспект в изучении иностранного языка.

Рабочая группа составила программу, в которой были охвачены основные темы английской грамматики: артикли, предлоги, местоимения, модальные глаголы, пассивный и активный залог, вся система времен глаголов и т.д.

Кроме того, были разработаны упражнения для закрепления и тесты для самостоятельной проверки степени освоения уроков. Совместное сотрудничество Института новых образовательных технологий КазНУ под руководством Асель Мусиновой и Маржан Атабаевой и кафедры иностранных языков увенчалось успехом, и сейчас мы имеем МООК «Ағылшын тілі», который интегрирован в программу дисциплины «Иностранная языки».

В рамках курса преподаватели основательно и доступно объясняют грамматические конструкции на казахском и английском языках с использованием богатого иллюстративного материала и многочисленных упражнений для эффективного усвоения дисциплины студентами.

Уникальность МООК придают видеофайлы с диалогами наших

студентов, снятых в библиотеке, в ЦОС «Керемет», у фонтана, в музее и на стадионе. Сами студенты отметили, что видео имеет мотивирующий эффект. Одна из учащихся призналась, что видео послужило для нее стимулом для овладения навыков разговорной речи, и она задала себе вопрос: «Если они научились так говорить, почему я не могу?».

Безусловно, обучение иностранным языкам в формате онлайн нельзя назвать абсолютной заменой аудиторного обучения студентов предмету. Но, во многих аспектах, это может стать удобной альтернативой для получения, дополнения и углубления уже имеющихся знаний в определенном разделе изучения языка. Процесс онлайн-обучения в основном проходит в самостоятельном ключе, поэтому важно обладать самоконтролем, хорошей концентрацией и четким пониманием того, что вы делаете и с какой целью. Такая форма обучения имеет ряд преимуществ, таких, как эффективный тайм-менеджмент, удобство, сконцентрированность всех данных в одном месте и многое другое.

Как правило, онлайн-курсы по иностранному языку – это методически грамотно построенные видеуроки, поскольку они разрабатываются опытными и высококвалифицированными специалистами и эффективность таких курсов, безусловно, высокая.

Приглашаем всех желающих на онлайн-курсы «Ағылшын тілі». Вы имеете отличную возможность освежить свои знания по грамматике, восстановить пробелы, улучшить навыки безошибочной речи на английском языке.

**А. МУЛДАГАЛИЕВА,
И. ОРАЗБЕКОВА,**
кафедра иностранных языков

Алғашында, бұл бір жаңа ұғымды қолданысқа енгізудің жырынан бөлек, санамызда оған деген оң көзқарастың пайда болуы мен бізге берер жаңа мүмкіндіктерін түсінудің өзі оңайға соқпағандығы рас.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ПАЙДАСЫ

Дегенмен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті, бәсекеге қабілетті мамандары, ұлт тағдырын жауапкершілігіне арқалаған жастар сипатына лайықты болуымыздың алғышарты ретінде, цифрлы жүйені толығымен меңгеруімізге қажет болды. Демек, қашықтықтан білім беру – бұл алғышартты толықтырушы ең үлкен жеңісіміз бола білді.

Әлемде орын алып жатқан жағдайларға байланысты, өткен жылдың көктемнен қолданысқа енген, қашықтықтан білім берудің, дәстүрлі білім беру жүйесінен кемшіліктері мен білім саласына жеткізген зардаптары көз тоқтатып қарардай. Бірақ, адам баласының тәңірлік табиғаттан келген, құнды қасиеттерінің бірі – саналы түрде бейімделе алу. Демек, кез келген дүниеден жаңа мүмкіндік, өмірлік тәжірибеге ұласар жаңа инсайттар алу, бейімделу – белгілі бір дәрежеде адами құндылығымыздың көрінісі.

Расымен, бір сәтке, әлеуметтік орта мен әлеуметтік желілердегі негативтерді тоқтатып, ойлансақ, бұл жүйенің бізге берген пайдасы да, мүмкіндіктері де орасан. Әсіресе, уақыт факторының үнемделуінің, дамушы адамға әкелген мүмкіндігі зор болды. Оның айқын көрінісі ретінде, сапырылған өмір салтының иелері студенттерді көрсете аламыз.

Елімізде орын алып жатқан жағдайларға орай, университетімізде қашықтықтан білім беруді қолдап, онымен жұмыс жүргізіп келе жатқанымызға бір жыл болды. Және, бұл жүйенің бізге тудырған мәселерінен мүмкіндіктері ұшан-теңіз. Олай дейтін себептеріміз де бірқатар. Студенттердің жұмыс жасауына және білім сынақтарынан өтуіне арналған ең қолайлы платформаларды ұсынып, жұмыс жасау барысында да жоғары сапаны талап ететін сауатты мамандардың арқасында біліміміз тереңдемесе, ақсады деп ойламаймыз.

Адам өмірінің ұйқыдан бөлек үштен бір бөлігінің жолға кететіндігін ескерер болсақ, сол бір бөлікті ұтымды қолданып, сабағымызға да, тұлғалық дамуымызды жеделдетуші істерімізге де қосымша уақыт арнауға мүмкіндік туды. Және, бұл, алған білімімізді тереңірек зерттеу және өмірде қолдануды, лексиконымыздан өмір салтымызға қарай енгізуге себебі болды.

Қолымыздағы компьютер, смартфон және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін өз деңгейінде қолдана отырып, ақпарат алу және жасау артықшылығын игеріп, білікті маманға қойылар талаптарды жетілдіре түстік.

Әрине, әр түрлі әлеуметтік орта бар және ондағы барлық адамдардың психологиясы мен жағдайына дөп түсетін ортақ артықшылық табу – қиын. Байланыстың әлсіздігімен, техникалардың жетіспеушілігімен

және т.б. мәселелердің барлығының ортақ шешімін табу, дәл қазіргі уақытта қоғамның да, қарақұлақ үкіметтің де қолынан келер шаруа емес. Бұлар тек біздің қоғамда ғана өршіп, бүкіл әлемде керемет жағдай орнап жатқандай, аузымыздың суы құрып жүрген шет мемлекеттерде де осы мәселелер өршіп тұр. Бірақ, оларда жағдаятқа дұрыс реакция беріп, өнімді сапалы көзбен шығарушы, дамушы орта, қоғам бізден кішкене ғана ілгеріде. Ал, ондай қоғамды қалыптастыру тек қана біздің қолымызда.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, мұндай сауатты көзқарасқа ие болып, алға жылжуымызды тоқтатпауымызға университетіміздің ұстаздарының еңбегі зор. Алғаш рет қашықтықтан емтихан тапсыру бекітілген кезеңде, студенттердің бұл платформаны ыңғайсыз деп табуы түсінікті еді. Сол арадағы түсініспеушілікті, Университетіміздің Ректоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академигі Ғалым Мұтанов мырзамен болған алғашқы онлайн кездесуімізде талқылап, шешімін тапқандығымыз және сол арадағы айтылған ой мен біздерге берілген мотивацияның арқасында болып жатқан жағдайға оң көзқарас қалыптастыра алдық. Сұхбатта айтылған қанатты сөздер мен студенттердің ойының тыңдалып, ортада өзара келісім жүруі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ұстаздарының өз заманының көшбасшылары екендігін дәлелдей түсті.

Меніңше, мінсіз өмірді аңсаудан, оны жасауға көшетін сәт келді. Өмірдің әр кезеңінде орын алатын жағдайларды түрлі-түсті қаламдар ретінде елестетіп, оған сіңуші және кері шағылыстырушы фотондарды, яғни, түстерді дұрыс таңдай білейік. Орын алып жатқан жағдайлардың түбі бір жақсылық әкелетінін түсініп, сезініп, тек, әрекет ету керек. Әрине, өмір заңдылығына сәйкес, екі түрлі орта пайда болады. Біріншісі: айтуға бәрі оңай, ал, екіншісі: байқап көруге бет алуы мүмкін.

Өз кезеңінде, лайықты өмір салтын сүру үшін бет алған Қазақ жастарымен бірге болыңыз!

XXI ғасырда өмір сүріп жатқан әр тұлға, кез келген білімді, кез келген жүйе арқылы меңгере алуы қажет. Және, бұл ұстаным, еліміздің барша азаматтарының ұраны болса, бұл кезеңнен тоқыраусыз өтеміз деп сенім білдіреміз.

А. ӘЛМАХАНБЕТ,
химия және химиялық технология
факультетінің студенті

Б. ТЮСЮПОВА,
химия және химиялық технология
факультетінің доценті, х.ғ.к.

АБАЙДЫҢ ЗАҢГЕР ЕКЕНІ РАС ПА?

Қазақтың бір туар азаматы Абай Құнанбаев тек қана ақын, ағартушы және жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы ғана емес, өз заманында заң жүйесін қабылдаған заңгер ретінде де қарастырғанымыз дұрыс болар. Бұл жөнінде де тың деректі 1983-1994 жылдары ҚР Бас Мұрағат басқармасын басқарған Сапар Байжановтың «Абай және архив» атты еңбегінде жазып қалдырған екен.

Зерделі жазушы Ғабит Мүсірепов әлгі ережемен қоса төмендегідей қолхатты қоса жолдаған екен:

«Сапар!

1885 жылы Қарамолада бес дуанның сиезіңде қабылданған ережені беріп жібердім.

1. Ескіше білетін біреуге түгел жаңа алфавитпен көшіртіп аларсың да, бастырып шығарарсың (көшірмесін мұқият қарау керек болар).

2. Ереже әуелі орысша басылған, Қазан университетінің архивінен сол түпнұсқасын да алдырғаның дұрыс болар.

3. Бұл өте мағыналы нәрсе ғой, екі тілде де басылып шыққаны үлкен еңбек болар еді. (Басқа көршілес бауырларымызда бұндай заң қабылданбаған ғой).

Абай арызын алдым. Рақмет.

Ғабит Мүсірепов. 21.11.85.

P.S. Көшіргенде татарша текстің өзін қазақшалаған дұрыс болатын шығар. F.M.»

Өткен ғасырдың аяғында Қазан қаласында араб әрпімен басылып шыққан қазақ тіліндегі тұңғыш праволық құжат Қазақстан Орталық архивінің қызметкерлері Б.Байғалиев пен Ж.Ахмадиевтің күшімен қазіргі қазақ әрпі мен әдеби тіліне икемдей көшіріліп, 1992 жылғы Абай журналының №3 санында тұңғыш рет жарияланған екен.

Бастапқыда Абай Шар бойында үш күннің ішінде жанына бірнеше адамды ғана алып, 100-ден артық баптан тұратын заңды жасайды. Абай қазақтың бұрынғы заңдарын жетік білетіндігін, сонымен қоса орыс заңдарын да терең меңгергенін көрсетіп, осылардың барлығын үйлестіре отырып, өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі қазақ қоғамына қажетті заңдарды жазып шығады. Абай қазақ елінің әдет-салтын, жете зерттей отырып, адам құқын жан-жақты қорғауға белсене қатысады.



Осылайша үш күн, үш түн ішінде Қарамола съезіне арнайы заң ережесі жасалып, билер талқысынан өтеді. Абай жазған қазақтың жаңа заң ережесі (73 статья, кей деректер бойынша 74 статья) қабалданады. Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлінің куәлігі бойынша Абай тізген ереже бабы жүзден асады. Шамасы келгенше көпшілік үшін әділет іздеген Абай ұрлық, қылмыс пен әйел мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады.

Бұл қабылданған ережеде көбіне сол замандағы мәселелер жөнінде жазылып, бекітілген. Билік заңы, сот заңы, жер дауы, жесір дауы, ұрлыққа тыйым салу, құн дауы, жастай қыздарды тұрмысқа беру сынды ерте кезден келе жатқан жайлар толық баяндалып, оған қарсы қандай заңдарды қабылдау керек екені жазылған.

Ережеде баса назар аударып, біршама қағидалар қабылдаған ол ұрлық заңы. Бұдан байқайтынымыз сол заманда, ұрлық, барымташылық ел ішінде көп тараған қылмыс екенін аңғаруымызға болады. Ережеде тек ұры ғана емес, оған серіктес болып, оған көмектескендерден бөлек сол ұрланған малды біле тұра сатып алған адам да жазаға тартылатыны жазылған. Егер би немесе молданың теріс әрекеттерін байқаса немесе болса, оны тексеруге құқылы екенін жазып қалдырған.

Ережеде тағы баса назар аударған әйел теңдігі, махаббат бостандығы, қалың мал, қыз жасауы, әмеңгерлік мәселелеріне қатысты назар аударғанын да баса айтып өткен жөн. Әлбетте, бұл тарапта Абай өмір сүрген дәуірдің ақиқат болмысы екеніне еш шүбәміз жоқ және бүкпесіз бой көрсеткеніне еш таңдануға болады.

Сонау XIII ғасырда билер атасы атанған Мөңке бидің тәжірибесін, «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Тәуке хан тұсындағы ұлы билер Төле, Қазыбек, Әйтекелер дайындаған «Жеті жарғыдан» рухани сусындады. Мұның бәрі Абайды би ретінде ерте танылуына ықпал етті. Абайдың ел билеудің әділеттік, құқықтық жүйесіне сай заң нормаларын заман талабына сай жаңартады. Бұл қазақ қауымында ежелден қалыптасқан кертартпа әдет-ғұрып заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Абай қазақ қоғамында әділеттілік пен тұрақтылықтың белгісіндей болған, ежелден келе жатқан билер институтының адамгершілікті хәм құқықтық мұрасын барынша игерді.

Алмабек ИБРАЙЫМОВ,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Әлем халықтарының бірі сәулет өнерімен, енді бірі музыкасымен, тағы бірі шешендік өнерімен мақтанатын болса, қазақ халқы бай сөз өнерімен, өзінің бас ақыны Абайымен мақтана алады.

Мәңгілік қазына

философиялық көзқарасын өлеңдерінде өрнектей отырып, адамдық, адамгершілік туралы ой қозғады.

Абай поэзиясы – сұлу поэзия, Абай поэзиясы – махаббат, сүю мен сүйіспеншілікке толы поэзия. Ақынның қай туындысы болмасын, оның алтын арқауы болып Адам тұрады, адамға деген махаббат тұрады. Ұлы ақын нағыз адам, «толық адам» қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған өзі жауап береді. Оған ақынның «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі үш асыл қазынаны мысалға келтіруге болады. Біріншісі – Алланы сүю, оның хикметін сезіну («Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті»); екіншісі – Алла махаббатпен жаратқан адамды сүю, бүкіл адамзатты сүю («Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»); үшіншісі – әділетті сүю, оны Алланың хикметі деп ұғыну («Және хақ жолы деп әділетті»).

«Осы үш сүю болады имани гүл, Иманның асылы үш деп сен тәхқик біл. Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ, Басты байла жолына, малың түгіл», - деген өлең жолдарының өзі ақын поэзиясының өзектілігін айқындап тұрғандай. Абай шығармашылығының алтын арқауы да осы үш сүюден тұрады, сондықтан Абайды оқытуда осыны басшылыққа алған жөн. Осыларды айта отырып ақынның іздейтіні – толық адам. Оған қояр талабы да өзгеше. Ол – «ақыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстаған адам. Абайша айтсақ, «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайратты» бойына жиған жан.

Әр тіркеске жеке назар аударыңызшы. Ақын поэзиясының сұлулығы көркем, айшықты оралымдарында ғана емес, жан дүниесінде болып тұр ғой. Сол арқылы терең мазмұнға да бойлай алған. Бұл – хақим Абайдың жан дүниесімен үйлескен шығармашылығының бір бөлігі ғана.

Ақынның қай өлеңін алсақ та, ерекше бір үйлесім жанды тербеп, сезім қылын шертеді. Мысалы, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін алайық:

«Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай
Тасыған өзен гүрілдеп».

Айлы түндегі ауылдың суреті көз алдымызға келеді. Суда дірілдеген ай сәулесі, гүрілдеген өзен, сыбырласқан жапырақ. Ғашықтардың сезімі осы бір табиғат құбылысымен астаса алынады. Ерекше бейнеленген табиғат және сол табиғаттың өзіндей сұлу да әдемі сезімге бөленген ғашықтардың көңіл-күйі терең психологизммен берілген. Махаббат, таза әрі мөлдір сұлулық, жарық ай, дала, ауыл көрінісінің сұлулығы ақынның сезімімен беріліп, оқырманын әсерлендіреді. Осы сұлулыққа қоса, оны дөп басып беріп тұрған Абайдың поэтикасының шебер үйлесімділігін көруге болады.

Хақим Абайдың қай өлеңін оқысаңыз да мазмұнды ойға толы. Сезімге әсер ететін лепті өлеңдерінен ақынның бейнесін көреміз. Сондықтан да Абай поэзиясын оқыту – оның өзін оқыту, оның шығармашылығындағы ғажайып дүниелерді дөп басып, ашып көрсете білуге

бағытталуы керек. Ақынның туындыларын – найзағайдай жарқ еткен сәттегі сезімінің көрінісі деп алсақ, сол сезімді мұғалім де, оқушы да сезініп, түсіне алса нәтиже болмақ. Олай болса, поэзияны оқытқандағы басты мәселе – оқушының эмоциясына әсер ету. Ал Абайдың поэзиясын сезімсіз оқу мүмкін емес.

Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Бұлай болуы заңдылық деп ойлаймын. Себебі Абай шығармашылығымен танысу – оқырманның санасын оятып, ерекше көңіл-күйге, сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді.

«Шын хақим, сөзің асыл баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» - деп жырлаған еді Мағжан ақын. Иә, ақынның асыл сөзі өлі де таңдаймызда. Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Абай сөзі – қазақтың бойтұмарына, Абайдың мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасына» айналды. Бүгінгі таңда ақынның ұлықтаған халқымыз хақимнің әр сөзінің астарына үңіліп, жатқа оқуда. Қысқа ғұмырында Абай алып шынарға айналды. Аяз бен желдің өтінде қалса да, үсік шалмайтын мәуелі бәйтерекке айналды. Ең алдымен, қазақ дейтін ұлтқа бағыт сілтер темірқазыққа айналды.

А.Я. БОРАНБАЕВА,
техникалық физика факультетінің
1-курс магистранты

А.К. ДАНЛЫБАЕВА,
техникалық физика факультетінің
аға оқытушысы

ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Ғарыштық сәулелер вариациялары зертханасы (FCB3) Алматы қаласы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) қалашығында, физика-техникалық факультетінде орналасқан. Бүгінгі күні зертханада ғарыштық сәулелер компоненттерінің әр түрлі типтерін, сондай-ақ кең атмосфералық нәсерлерді (КАН) тіркеуге мүмкіндік беретін бірнеше эксперименттер жүргізуде.

Зертхананың негізгі мақсаты ғарыштан келген жоғары энергиялы бөлшектерді тіркеп, оларды өңдеу және әлемдік жалпыға ортақ базаға енгізу. Теңіз деңгейінен 897 м биіктікте орналасқан қондырғы стратегиялық тұрғыда әрі ұтымды әрі тиімді болып келеді. Сонымен қатар бұл зертхананың ҚазҰУ базасында орналасуының тағы бір тиімді тұсы тәжірибеден өтетін жас ғалымдар мен студенттерді ғылымға баулып, қызығушылықтарын арттырады. Мысалы, айтар болсақ соңғы бес жылдықта 30 шақты дипломдық жұмыс орындалды, 10-нан астам ғылыми конференцияларда докладтар жасалынды және 40-жуық ғылыми мақалалар жарияланды.

FCB3 ғылыми бағыттары: Жоғары және аса жоғары энергия физикасы; Ядролық астрофизика; Ядролық электроника.

Ғарыштық сәулелер вариациялары зертханасы қазіргі уақытта халықаралық бағдарламаларға енгізілген жаңа бағыттарды әзірлеуде: 1. Жерүсті және стратосфералық әдістермен ғарыштық сәулелердің мониторингі; 2. Күн-Жер байланыстары; 3. Жер төңірегіндегі кеңістік.

Зертхананың тарихы 1957 жылы В.В. Оскомовтың бастамасымен физика-техникалық факультеті жанынан ғарыштық сәулелер вариациясы зертханасының іргетасы салынды. Зертханадағы алғашқы бастама ретінде IGY-57 нейтрондық монитор қондырғысын орнату қолға алынды. Талантты және талапты жас буын өкілдері осы зертхана аясында жұмыс жасап, дамытуына үлкен үлес қосты. Солардың бірі ретінде теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы Н.О. Садуев және О.А. Каликуловты атап өтсек болады. Білікті мамандар Оскомовтың бастамасын одан әрі дамытып, ғарыштық сәулелер вариациясы облысында көптеген жаңа сұранысқа ие қондырғыларды іске қосып, жетілдірді.

Бүгінгі таңда зертханада келесі қондырғылар жұмыс істейді: IGY-57 нейтрондық монитор, 6NM-64 нейтрондық супермониторы (1980 жылдардан бастап) және жалпы ауданы 6 м² болатын тарденелі мюон телескопы. Алынған деректер ҚазҰУ-да, Қазақстан және басқа елдердің ғылыми мекемелерінде зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылады, сондай-ақ

күнделікті есептер түрінде нейтрондық мониторлардың еуропалық дерекқорына жіберіледі, ол халықаралық шарттарға сәйкес оларды бүкіл әлемге ашық түрде жібереді.

Бірқатар бағдарламалар Ресей, АҚШ және т.б. ғалымдардың қатысуымен «Халықаралық таза және қолданбалы физика одағы» қамқорлығымен жүзеге асырылады. Сондай-ақ ғылыми эксперименттер үшін деректерді жинаудың бағдарламалық-аппараттық кешенін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі уақытта ғарыштық сәулелердің вариациясы зертханасы жоғары энергиялы және аса жоғары энергиялы ғарыштық сәулелерден пайда болатын кең атмосфералық нәсерлерді (КАН) зерттеу үшін ионизация камералары мен сцинтилляциялық детекторлар негізінде эксперименттік қондырғылар жасау үстінде. Атап айтқанда, бастапқы ғарыштық сәулелердің массалық құрамын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін КАН ядроларының мөлшерін өлшеуге арналған қондырғы әзірленуде.

Жоғары энергиялы және аса жоғары энергиялы физика саласында Алматы қаласында бірнеше рет өткен жас ғалымдарға арналған халықаралық конференцияларда, сондай-ақ зертханада іс-атқаратын жас ғалымдардың шетелдік тәжірибеден өтуі барысында бірнеше Халықаралық ынтымақтастықпен келісімшарттар жасалған болатын. Атап айтқанда, CMS және ATLAS ынтымақтастығын білдіретін CERN ғалымдарымен кездесу. Кездесу барысында CMS және ATLAS ынтымақтастығы аясында ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою перспективалары, сондай-ақ ынтымақтастықтың тұрақты мүшесі мәртебесін алу мүмкіндігі талқыланады.

Бүгінгі таңда Ғарыштық сәулелер вариациясы зертханасында 5 PhD докторант 5 магистрант және де 4 бакалавр дәрежесіндегі жас ғалымдар даярлануда.

С.К. ШИНБУЛАТОВ,
ТЯФК оқытушысы,
PhD докторант

Н.О. САДУЕВ,
ТЯФК аға оқытушысы, PhD

Традиционно считается, что мясо – это незаменимый компонент питания любой кухни мира, особенно казахской. Испокон веков казахи относили себя к мясоедам. Без мяса, мясных блюд не проводится ни одно застолье, начиная с обычного обеда и заканчивая. Но существует и альтернативный взгляд на вопросы питания.

АЛЬТЕРНАТИВНЫЙ ВЗГЛЯД

Весь прошлый год в России проходили массовые выступления граждан за сохранение экологии, против открытия новых мусорных полигонов. Выступления не носили политического характера. Они были связаны исключительно с желанием народа жить в чистом месте, а не рядом с мусорными кучами, дышать чистым воздухом, не загрязненным испарениями от свалок и зловонными запахами. Выступления и митинги проходили в г. Волоколамске Московской области, в г. Шиесе Архангельской области. Протесты в Шиесе завершились буквально в преддверии Нового года.

В сравнении с другими живыми существами человек отличается тем, что является производителем мусора. Человеческая цивилизация производит мусор, загрязняя собственную среду обитания, делая её непригодной для жизни всего живого. Современное общество – это общество потребления. Развитие промышленности, торговля и реклама способствуют большому потреблению, призывают людей больше покупать. Чем больше мы покупаем, тем больше выкидываем, т.е. увеличиваем количество мусора.

Важнейшая задача – научиться жить в гармонии с природой, потреблять ровно столько, сколько нужно. Это так называемое разумное потребление.

Любое производство, в том числе производство продуктов питания, имеет отходы, которые губительно сказываются на экологии. Промышленное производство мяса не менее опасно для экологии, чем промышленное производство растительной пищи, в частности в местах компактного проживания больших масс людей, например вблизи больших городов. Промышленное производство мяса негативно влияет на природу, естественную среду обитания человека.

Одна из версий происхождения коронавируса SARS-Cov2 – употребление в пищу мяса диких животных. Этот факт также заставляет задуматься...

Традиционно считается, что мясо – это незаменимый компонент питания любой кухни мира, особенно казахской. Испокон веков казахи относили себя к мясоедам. Без мяса, мясных блюд не проводится ни одно застолье, начиная с обычного обеда и кончая тоем. Но существует и альтернативный взгляд на вопросы питания.

В мире неуклонно растет число людей, веганов и вегетарианцев, которые отказываются от употребления мяса. В XX веке на фоне технического прогресса

и мировых потрясений (революций и войн) их число выросло кардинально. Вегетарианцы предпочитают растительную пищу и молочные продукты.

Индия – страна, где, если не подавляющая, то значительная часть населения – вегетарианцы. Вегетарианство индийцев связано с традициями, с верой (в кришнаизме запрещено употребление любого мяса), для части населения – возможно, с дороговизной мяса. Правительство Швеции рекомендует своим гражданам меньше употреблять мясо. В Исландии в школьном питании практически нет мясных продуктов. В эпоху глобализации и технического прогресса вопрос питания не стоит так остро, как в прошлые эпохи, существует огромное разнообразие овощей, фруктов, молочных продуктов.

Но существует при этом точка зрения, что для активной физической деятельности необходимо употребление мяса. С другой стороны, если человек не занимается физическим трудом, то нет необходимости в таком количестве калорий, которые дает мясное питание.

Есть традиционное питание, в котором присутствует мясо. Сложно что-то менять, в особенности привычки, связанные с питанием. И конечно, каждый человек решает индивидуально, что ему есть, а от чего воздержаться.

Большинству людей не чуждо чувство сострадания к животным, поэтому животных даже называют братьями меньшими. Если больше людей будет отказываться от мяса, меньше будет умирать невинных животных.

В казахской кухне достаточно блюд и продуктов, которые являются вегетарианскими: шелпеки, май, күрт, қаймақ, айран, ірімшік, сүзбе, қоспа, талқан и др. Немясных продуктов питания большое изобилие.

Наши современники предпочитают жить в комфортных условиях, мало кто живет теперь в юрте, использовать блага цивилизации. Но цивилизация подразумевает и возвышенное сознание, отказ от варварского мышления. Один из путей изменить себя – это разумное потребление, ограничение себя, забота о ближнем, о природе, а значит о братьях наших меньших. Это важно для экологии, для наших современников и будущих поколений.

З. ЖҮСІП,

докторант 2-го курса

физико-технического факультета

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,

Светлана ӨМІРФАЛЕНОВА

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағыла ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.

Байланыс телефоны:

377-33-30, ішкі: 11-94,

тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:

kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орта-

лығында теріліп, беттелді. Басылымның

PDF нұсқасы www.kaznu.kz сайтына

орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.